



БҰЙРЫҚ

18.02.2026 № 94

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысына толықтырулар енгізу туралы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2026 жылғы 10 ақпандағы № 01-2-16/1580-И ұсынымы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 342 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысына қоса беріліп отырған толықтырулар бекітілсін.

2. Кәсіпорын заңнамада белгіленген тәртіппен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамын жарғыға енгізілген толықтырулар туралы хабардар етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Е. Егемберды





Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Мемлекеттік
мүлік және жекешелендіру комитеті
төрағасының
2026 жылғы « 18 » 02 № 94
бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық
шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының
жарғысына толықтырулар**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 342 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғысының 14-тармағы мынадай мазмұндағы 15), 16) мен 17) тармақшалармен толықтырылсын:

«15) мәйітті зерттегеннен кейін мәйітті тоңазытқышта сақтау, мәйітті жуып-шаю, мәйітті косметикалық өңдеу, гистологиялық препараттарды қалпына келтіру, мәйіттерді қалпына келтіру және тағы басқа сияқты ілеспе қызметтерді көрсету;

16) қанды, оның компоненттерін тасымалдау, сақтау және кәдеге жарату;
17) перзентханалардың қызметі.».

Басқарма төрағасы

Е. Әділбеков